

«Бекітемін»

Қостанай облысы әкімдігі
мәдениет Басқармасының
«Облыстық қуыршақтар театры»

КМҚК директоры

Н. Михерский

« 20 » 2017 г.

**Мәдениет саласындағы сыбайлас
жемқорлыққа қарсы стандарттар**

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қостанай облысы әкімдігі мәдениет Басқармасының "Облыстық қуыршақ театры" КМҚК "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес әзірленді.

1. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: Қостанай облысы әкімдігі мәдениет Басқармасының "Облыстық қуыршақ театры" КМҚК.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші: Қостанай облысы әкімдігі мәдениет Басқармасының "Облыстық қуыршақ театры" КМҚК.

3. Облыстық қуыршақтар театрында жұмыс істейтін қызметкерлердің тәртіп ережелері (іс-қимылдары):

3.1 Жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарын іске асыру бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалған жағдайларда қызметкерлер міндетті:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын қолдауға және дәйекті түрде оны өмірде жүзеге асыруға;

2) Адал, әділ, қарапайым болу, заңды және жеке тұлғалармен, әріптестермен жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтап, қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;

3) Өзінің іс-әрекеттері мен тәртібінен қоғам тарапынан сынға ұшырауға жол бермеу, сын айтылғанда қудалауға жол бермеу, сындарлы сынды кемшіліктерді жою және өзінің қызметін жақсарту үшін қолдануға;

4) Заңмен белгіленген қылмыстық немесе әкімшілік, тәртіптік жауапкершілікке әкеліп соғатын теріс қылықтар мен өзге де бұзушылыққа жол бермеуге;

5) Белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілерді, сондай-ақ тағы да пайда алуға итермелеу жағдайларды дереу басшылыққа жеткізуге;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен заңдарының, Конституциясының талаптарына сәйкес заңдық принциптерді басшылыққа алуға;

7) Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында, таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға;

8) Әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдауға және талап етуге;

9) Мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын және олардың салдарын жою үшін тұрақты негізде іс-шаралар қолдануға;

3.2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүдделер қақтығысына жол бермеу, оларды жою бойынша шаралар қабылдауға;

2) Бағынушылармен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға;

3) Туыстық және өзіне тән қатынастарда тұрған адамдардың (ата-аналары, жұбайлары, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары, әйелінің туыстары) тікелей бағыныстылығына немесе бақылауына байланысты болса, лауазымға тағайындаудан бас тартуға;

- 4) Бағынышты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және дәл анықтауға;
- 5) Жасалған немесе жасалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы дереу басшылыққа жеткізуге;
- 6) Мүдделер қақтығысының туындағаны және қызметтік міндеттерді атқару кезіндегі жеке қызығушылық, сыйлықтар алу, жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелеу туралы тікелей басшылыққа жеткізуге;
- 7) Театр қызметкерлерімен жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға;
- 8) Бағыныштағы қызметкерлерді жемқорлық құқық бұзушылық жасауға мәжбүрlemeуге;

3.3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

- 1) Әзірленетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары жоғары тұрған органның нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмеуге тиіс;
- 2) Нормативтік құқықтық акті органның құзырет шегінен шықпағанын ескеру керек;
- 3) Мемлекеттік тіркеуге жататын, сондай-ақ, нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу және келісу мемлекеттік тіркеу ережесіне сәйкес нормативтік құқықтық акті белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдауға болмайды;
- 4) Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүддесі үшін нормаларды қабылдауға жол бермеу;
- 5) Нормативтік құқықтық актілерде жемқорлық факторлар немесе олардың ерекшеліктері бар нормаларды қолданбау;

3.4. Саланың ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де қарым-қатынас;

- 1) Әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар жасамау, лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызмет көрсетпеу;
- 2), Өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді алу үшін жеке мүліктік және мүліктік емес пайдалар пайдаланбау;
- 3) Көтермелеу шараларын және жаза қолданарда, қызмет нәтижелерін бағалау кезінде әділдік пен объективтілік таныту;
- 4) Қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныштағыларға қызметтік жағдайын пайдаланбау;
- 5) Жемқорлықтың алдын алу үшін көмек көрсету, осы стандарттардың талаптарын орындау және сақтау;
- 6) Театр сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметкерлерінің мәдениет деңгейін көтеру және ақпараттандыру арқылы жүйелі оқытуды қолдау мақсатымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелерін насихаттайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы практика жүзінде тәсілдер мен әдістерді қолданады.

4. Басқа шектеулер мен тыйым салулар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтау;
- 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының талабын және Қазақстан Республикасының Конституциясын сақтау;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған құқық қорғау органдарының немесе өзге де тәртібі көзделген жағдайлар, Театрдың бастамасымен осы Стандарттың талаптарының бұзылуына кінәлі тұлғалар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.